

Тақырыбы: Түсті қақпақтар қызық әлем!

Білім беру саласы: Таным + Шығармашылық

Бағыты: Танымдық-дамытушылық

Мақсаты:

Балалардың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамыту және қайта өңдеу материалдарын (пластик қақпақтар) қолдануға үйрету.

Міндеттері:

- Түрлі түсті қақпақтарды ажыратуға, санауға, топтастыруға үйрету
- Қақпақтардан қарапайым пішіндер, заттар құрастыру
- Экологиялық тәрбие беру (қалдықты қайта пайдалану)

Құралдар:

- Түрлі түсті, әр көлемдегі қақпақтар
- слайм, үлкен темір қақпақ,
- түрлі түсті тастар

Оқу іс-әрекетінің барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (2–3 мин):

Педагог:

- Балалар, бүгін біз ерекше материалмен танысамыз. Бұл – қақпақтар!
- Қақпақтар қайдан шығады? Оларды тастауға бола ма?

Балалар жауабы:

Бүгінгі «Түсті қақпақтар қызық әлем!» қош келдіңіздер!

а) Танымдық - дидактикалық ойын: «Санамақ қақпақ»

Дидактикалық ойын: Қақпақпен ойын

Мақсаты: түрлі- түсті қасықтарға қақпақтарды салып жеңіске жету.



Дидактикалық ойын: Сиқырлы қақпақ

Мақсаты : Қақпақты таяққа тізіп, қақпақтың үстіне шарикті қойып сол арқылы жеңіске жету.



Тапсырманың шарты: үлкен қақпақты ұлудың денесіне жапсырып, сол денесін тастармен әшекейлеу.



Сергіту сәті (2–3 мин):

«Қақпақтар биі»

- Қолмен қақпақтарды соғып, ырғақпен қимыл жасау

*Тық-тық-тық – жаңбыр жауып тұр,

Шыр-шыр-шыр – су жан-жаққа ағып тұр!

Күтілетін нәтиже:

- Біледі: Қақпақтың түрлері мен қолдану жолдарын

- Түсінеді: Қайта өңдеудің маңызын

- Меңгереді: Топтастыру, санау, бейне құрастыру дағдыларын

«Екпетал мектеп - балабақшасы»КММ

Тақырыбы: Ойнайық та, ойлайық!

Өткізген: Тәрбиеші Бисенғалиева Л